

"2020-2022 жылдарға арналған Первороссийск ауылдық округінің бюджеті туралы" Алтай ауданының мәслихатының 2020 жылғы 5 қаңтардағы № 61/10-VI шешіміне өзгерістер мен толықтыру енгізу туралы

Күшін жойған

Шығыс Қазақстан облысы Алтай ауданы мәслихатының 2020 жылғы 2 шілдедегі № 69/8-VI шешімі. Шығыс Қазақстан облысының Әділет департаментінде 2020 жылғы 9 шілдеде № 7314 болып тіркелді. Күші жойылды - Шығыс Қазақстан облысы Алтай ауданы мәслихатының 2020 жылғы 25 желтоқсандағы № 77/9-VI шешімімен

Ескерту. Күші жойылды - Шығыс Қазақстан облысы Алтай ауданы мәслихатының 25.12.2020 № 77/9-VI шешімімен (01.01.2021 бастап қолданысқа енгізіледі) .

З Қ А И - н ы ң е с к е р т п е с і .

Құжаттың мәтінінде түпнұсқаның пунктуациясы мен орфографиясы сақталған

Қазақстан Республикасының 2008 жылғы 4 желтоқсандағы Бюджет кодексінің 106, 109 -1 баптарына,, Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңының 6-бабы 1-тармағының 1) тармақшасына, " Шығыс Қазақстан облысы Алтай ауданының кейбір әкімшілік-аумақтық бірліктерін қайта атау туралы" Шығыс Қазақстан облыстық мәслихатының 2020 жылғы 13 наурыздағы № 36/412-VI шешіміне және Шығыс Қазақстан облысы әкімдігінің 2020 жылғы 16 наурыздағы № 84 (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу Тізілімінде № 6819 тіркелген) қаулысына, "2020-2022 жылдарға арналған Алтай ауданының аудандық бюджеті туралы" Алтай ауданы мәслихатының 2019 жылғы 27 желтоқсандағы № 60/2-VI шешіміне өзгерістер енгізу туралы" Алтай ауданының мәслихатының 2020 жылғы 11 маусымдағы № 67/2-VI (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу Тізілімінде № 7219 тіркелген) шешіміне сәйкес, Алтай ауданының мәслихаты ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:

1. "2020-2022 жылдарға арналған Первороссийск ауылдық округінің бюджеті туралы" Алтай ауданының мәслихатының 2020 жылғы 5 қаңтардағы № 61/10-VI (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу Тізілімінде № 6514

тіркелген, Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің Эталондық бақылау банкінде электрондық түрде 2020 жылғы 18 қаңтарда жарияланған) шешіміне мынадай өзгерістер мен толықтыру енгізілсін:

аталған шешімнің тақырыбында "Первороссийск ауылдық округінің" деген сөздері "Полянское ауылдық округінің" деген сөздерімен ауыстырылсын;

1-тармақ келесі редакцияда жазылсын:

"1. 2020-2022 жылдарға арналған Первороссийск ауылдық округінің бюджеті тиісінше 1, 2 және 3-қосымшаларға сәйкес, оның ішінде 2020 жылға мынадай көлемде бекітілсін:

1) кірістер – 31795,8 мың теңге, соның ішінде:

салықтық түсімдер– 3625,0 мың теңге;

салықтық емес түсімдер– 504,1 мың теңге;

негізгі капиталды сатудан түсетін түсімдер– 0 теңге;

трансферттер түсімі– 27666,7 мың теңге;

2) шығындар – 31795,8 мың теңге;

3) таза бюджеттік кредиттеу– 0 теңге, соның ішінде:

бюджеттік кредиттер– 0 теңге;

бюджеттік кредиттерді өтеу– 0 теңге;

4) қаржы активтерімен операциялар бойынша сальдо– 0 теңге, соның ішінде:

қаржы активтерін сатып алу– 0 теңге;

мемлекеттің қаржы активтерін сатудан түсетін түсімдер– 0 теңге;

5) бюджет тапшылығы (профициті) – 0 мың теңге;

6) бюджет тапшылығын қаржыландыру (профицитін пайдалану) – 0 мың теңге, соның ішінде:

қарыздар түсімі– 0 теңге;

қарыздарды өтеу– 0 теңге;

бюджет қаражатының пайдаланылатын қалдықтары– 0 мың теңге.";

аталған шешім мынадай мазмұндағы 2-тармақпен толықтырылсын:

"2-1. 2020 жылға арналған Первороссийск ауылдық округінің бюджетінде аудандық бюджеттен 14384,7 мың теңге сомада трансферттер көлемі қарастырылсын.";

аталған шешімнің 1-қосымшасы осы шешімнің қосымшасына сәйкес жаңа редакцияда жазылсын.

2. Осы шешім 2020 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі.

Сессия төрайымы

Алтай ауданының мәслихат хатшысы

С. Мангулова

Л. Гречушникова

Алтай ауданының
мәслихатының 2020 жылғы
2 шілдедегі № 69/8-VI
шешіміне қосымша

2020 жылға арналған Первороссийск ауылдық округінің бюджеті

Санаты		Сомасы (мың теңге)
Сыныбы		
	Ішкі сыныбы	
	Кірістер атауы	
	I.Кірістер	31795,8
1	Салықтық түсімдер	3625,0
01	Табыс салығы	1169,0
	2 Жеке табыс салығы	1169,0
04	Меншікке салынатын салықтар	2456,0
	1 Мүлікке салынатын салықтар	49,0
	3 Жер салығы	195,0
	4 Көлік құралдарына салынатын салық	2212,0
2	Салықтық емес түсімдер	504,1
01	Мемлекеттік меншіктен түсетін кірістер	50,0
	5 Мемлекет меншігіндегі мүлікті жалға беруден түсетін кірістер	50,0
06	Басқа да салықтық емес түсімдер	454,1
	1 Басқа да салықтық емес түсімдер	454,1
3	Негізгі капиталды сатудан түсетін түсімдер	0,0
4	Трансферттер түсімі	27666,7
02	Мемлекеттік басқарудың жоғары тұрған органдарынан түсетін трансферттер	27666,7
	3 Аудандардың (облыстық маңызы бар қаланың) бюджетінен трансферттер	27666,7

Функционалдық топ		Сомасы (мыңтеңге)
Функциялық кіші топ		
	Бюджеттік бағдарламалардың әкімшісі	
	Бағдарлама	
	Шығындар атауы	
	II. Шығындар	31795,8
01	Жалпы сипаттағы мемлекеттік қызметтер	14657,0
1	Мемлекеттік басқарудың жалпы функцияларын орындайтын өкілді, атқарушы және басқа органдар	14657,0
	124 Аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент, ауылдық округ әкімінің аппараты	14657,0
	001 Аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент, ауылдық округ әкімінің қызметін қамтамасыз ету жөніндегі қызметтер	14657,0
07	Тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық	1500,0

3		Елді-мекендерді көркейту	1500,0
	124	Аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент, ауылдық округ әкімінің аппараты	1500,0
		008 Елді мекендердегі көшелерді жарықтандыру	1300,0
		009 Елді мекендердің санитариясын қамтамасыз ету	100,0
		011 Елді мекендерді абаттандыру мен көгалдандыру	100,0
12		Көлік және коммуникация	15638,8
	1	Автомобиль көлігі	15638,8
	124	Аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент, ауылдық округ әкімінің аппараты	15638,8
		013 Аудандық маңызы бар қалаларда, ауылдарда, кенттерде, ауылдық округтерде автомобиль жолдарының жұмыс істеуін қамтамасыз ету	2900,0
		045 Аудандық маңызы бар қалаларда, ауылдарда, кенттерде, ауылдық округтерде автомобиль жолдарын күрделі және орташа жөндеу	12738,8
		III. Таза бюджеттік кредиттеу	0,0
		Бюджеттік кредиттер	0,0
	5	Бюджеттік кредиттерді өтеу	0,0
		IV.Қаржы активтерімен операциялар бойынша сальдо	0,0
		Қаржы активтерін сатып алу	0,0
	6	Мемлекеттің қаржы активтерін сатудан түсетін түсімдер	0,0
		V.Бюджет тапшылығы (профициті)	0,0
		VI.Бюджет тапшылығын қаржыландыру (профицитін пайдалану)	0,0
	7	Қарыздар түсімі	0,0
16		Қарыздарды өтеу	0,0
	1	Қарыздарды өтеу	0,0
	124	Аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент, ауылдық округ әкімінің аппараты	0,0
		056 Аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент, ауылдық округ әкімі аппаратының жоғары тұрған бюджет алдындағы борышын өтеу	0,0
	8	Бюджет қаражатының пайдаланылатын қалдықтары	0,0